

Ленин жұл

Шығуына
26-шы жыл
№ 75
(6776)
1944 жыл
Сенбі
15 апрель
Бағасы
20 тыйын

ҚК(Б)П Солтүстік Қазақстан Облыстық Комитетінің, еңбекшілер депутаттарының Облыстық Кеңесінің және ҚК(Б)П Петропавл қалалық комитетінің органы

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

Армия генералы ЕРЕМЕНКОҒА

Дербес ПРИМОРЬЕ армиясының әскерлері АК-МОНАЙ шептерінде дұшпанның қорғану шебін бұзып өтіп, бүгін, 13 апрельде, дұшпанның Қырымның оңтүстік-шығыс жағалауындағы маңызды тіректі қорғану пункті—Қара теңіздегі порт ФЕОДОСИЯ қаласын алды.

ФЕОДОСИЯ қаласы мен портын алу ұрыстарында генерал-майор ПРОВАЛОВТЫҢ, генерал-майор КОЛДУБОВТЫҢ, генерал-майор ГОРБАЧЕВТИҢ, полковник ПРЕОБРАЖЕНСКИЙДИҢ, полковник ВАСИЛЕНКОНЫҢ әскерлері, артиллерия генерал-майоры СОКОЛЬСКИЙДИҢ, артиллерия генерал-майоры ДЕГТЯРЕВТИҢ, полковник КАЛИНИННИҢ, полковник ДЮРБАНЫҢ, подполковник МОРОЗОВТЫҢ артиллерияшылары, полковник ДЕРГУНОВТЫҢ, полковник РУДАКОВТЫҢ, майор СОЙЧЕНКОНЫҢ, майор МАЛЫШЕВТЫҢ танкшілері, инженерлік әскерлердің генерал-майоры ПИЛИПЕЦТИҢ саперлері мен авиация генерал-полковнигі ВЕРШИННИННИҢ, авиация генерал-лейтенанты ЕРМАЧЕНКОНЫҢ ұшқыштары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, ФЕОДОСИЯНЫ азат ету ұрыстарында неғұрлым көзге түскен құрамалар мен бөлімдер „ФЕОДОСИЯ“ атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 13 апрельде, 20 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зеңбіректен онекі дүркін оқ атып, ФЕОДОСИЯ қаласы мен портын алған Дербес ПРИМОРЬЕ армиясының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ФЕОДОСИЯНЫ азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздің басқаруыңыздағы әскерлердің бәріне ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін! Неміс басқыншылар құртылсын!

Жоғарғы Бас қолбасшы
Кеңестер Одағының Маршалы
И. СТАЛИН.

1944 жылғы 13 апрель.

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

Армия генералы ТОЛБУХИНГЕ

4-УКРАИН майданының әскерлері ойдағыдай шабуыл жасай отырып, бүгін, 13 апрельде, танк құрамалары мен жаяу әскерлердің жауға батыл соққы беруі нәтижесінде, немістердің—Қырымның батыс жағалауындағы маңызды тіректі қорғану пункті—Қара теңіздегі порт ЕВПАТОРИЯ қаласын алды.

ЕВПАТОРИЯНЫ алу ұрыстарында генерал-лейтенант ЗАХАРОВТЫҢ, генерал-лейтенант ЧАНЧИБАДЗЕНИНІҢ, генерал-майор ЦАЛИКОВТЫҢ, подполковник ПУЗАНОВТЫҢ әскерлері, артиллерия генерал-майоры СТРЕЛЬБИЦКИЙДИҢ, майор МОЗГУНОВТЫҢ, подполковник ЧИЖИНОВТЫҢ артиллерияшылары, танк әскерлерінің генерал-майоры ЮДИННИҢ танкшілері мен авиация генерал-майоры КУЗНЕЦОВТЫҢ, полковник ЧУЧЧЕВТИҢ ұшқыштары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, ұрыстарда неғұрлым көзге түскен құрамалар мен бөлімдер „ЕВПАТОРИЯ“ атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 13 апрельде, 21 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА жүз жыйырма төрт зеңбіректен онекі дүркін оқ атып, ЕВПАТОРИЯ қаласын азат еткен 4-Украин майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

ЕВПАТОРИЯНЫ азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздің басқаруыңыздағы әскерлердің бәріне ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін! Неміс басқыншылар құртылсын!

Жоғарғы Бас қолбасшы
Кеңестер Одағының Маршалы
И. СТАЛИН.

1944 жылғы 13 апрель.

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

Армия генералы ТОЛБУХИНГЕ

4-УКРАИН майданының әскерлері шабуылды күшейте отырып, бүгін, 13 апрельде, танк құрамалары мен жаяу әскерлердің қауырт шабуыл жасауы нәтижесінде, Қырым түбегінің оңтүстік жағалауындағы порттарға баратын жолға қамал болған, дұшпанның негізгі тіректі қорғану пункті, Қырымның астанасы—СИМФЕРОПОЛЬ қаласын алды.

СИМФЕРОПОЛЬ қаласын алу ұрыстарында генерал-лейтенант КРЕЙЗЕРДИҢ, генерал-майор РАЗУБАЕВТЫҢ, генерал-майор КОШЕВОЙДИҢ, генерал-майор ПОТАПЕНКОНЫҢ, генерал-майор БОБРАКОВТЫҢ, полковник РОДИОНОВТЫҢ әскерлері, полковник СОЛОВЬЕВТЫҢ, полковник ПОЦЕЛУЕВТЫҢ, полковник ФЕЩЕНКОНЫҢ, полковник ЖИДКОВТЫҢ, подполковник АРХИПОВТЫҢ, подполковник ХРОМЧЕНКОНЫҢ, подполковник ХРАПОВИЦКИЙДИҢ, майор НЕДЕЛЬКОНЫҢ танкшілері, артиллерия генерал-майоры ТЕЛЕГИННИҢ, полковник КАПЛАНОВТЫҢ, полковник ВАСИЛЕНКОНЫҢ, полковник ПАВЛОВТЫҢ, полковник КАЛЬНИЧЕНКОНЫҢ, подполковник ЯРЕМЕНКОНЫҢ, подполковник МАЦИЕВСКИЙДИҢ, подполковник ВЛАСЕНКОНЫҢ артиллерияшылары, байланыс әскерлерінің генерал-лейтенанты КОРОЛЕВТИҢ, полковник ОБАНИЧЕВТИҢ байланысшылары, полковник ПАВЛОВТЫҢ, майор СЫЧЕВТЫҢ саперлері мен авиация генерал-майоры САВИЦКИЙДИҢ, полковник ГЕЙБОНЫҢ, полковник КАРЯКИННИҢ, полковник ПРУТКОВТЫҢ, полковник СИТКИННИҢ ұшқыштары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, СИМФЕРОПОЛЬДІ азат ету ұрыстарында неғұрлым көзге түскен құрамалар мен бөлімдер „СИМФЕРОПОЛЬ“ атағын беруге және ордендермен наградтауға ұсынылсын.

Бүгін, 13 апрельде, 22 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зеңбіректен жыйырма дүркін оқ атып, СИМФЕРОПОЛЬ қаласын алған 4-Украин майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

СИМФЕРОПОЛЬДІ азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздің басқаруыңыздағы әскерлердің бәріне ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншылар құртылсын!

Жоғарғы Бас қолбасшы
Кеңестер Одағының Маршалы
И. СТАЛИН.

1944 жылғы 13 апрель.

Кеңес Хабаршы бюросынан 13 АПРЕЛЬДЕГІ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІНЕН

13 апрельде ОДЕССА қаласының оңтүстік-батыс жағында әскерлеріміз қатты ұрыстардың нәтижесінде Одесса облысының ОВИДИОПОЛЬ аудан орталығын, СКУРТЫ, МОЛДОВА, БАРАБОЙ, САНЖИЙКА, ТОМАШЕВКА, ДАЛЕНИК, НОВЫЙ ПОСЕЛОК, ГРИБОВКА селолары мен БАРАБОЙ, ОВИДИОПОЛЬ темір жол станциясын алды.

4-УКРАИН майданының әскерлері шабуылды күшейте отырып, 13 апрельде танк құрамалары мен жаяу әскерлердің қауырт шабуыл жасауы нәтижесінде Қырым түбегінің оңтүстік жағалауындағы порттарға баратын жолға қамал болған, дұшпанның негізгі тіректі қорғану пункті, Қырымның астанасы СИМФЕРОПОЛЬ қаласын, Қырымның батыс жағалауындағы немістердің маңызды тіректі қорғану пункті, Қара теңіздегі порт ЕВПАТОРИЯ қаласын алды және 500ден аса басқа елді жерді, оның ішінде Қырымның ДЖУРЧИ, АҚШЕЙХ аудан орталықтарын, НОВЫЙ ҚЫЗЫЛ-БАЙ, АТАЙ, ҚАРА-НАЙМАН, КОДЖАМБАК, КОНСТАНТИНОВКА, ЕСҚАЛИ-МЕЧ, БИК БУЗАН, ФРИЛИНГ, БЮТЕНЬ, СПАТ, САРАБУЗ, БОЛГАРСКИЙ, АННОВКА, ТАБУЛДЫ, НОВО-ЦАРИЦЫНО үлкен селолары мен КИТАЙ, САРАБУЗ, ҚАРА-ҚЫАТ темір жол станцияларын ұрыспен алды.

Әскерлеріміздің берген соққысы астында кері шегініп бара жатып дұшпан адам күші және техникасы жағынан орасан көп шығынға ұшырауда. Алдын ала мәліметтер бойынша, 12 апрельде күн кешкіре 4-УКРАИН майданының әскерлері дұшпанның 11 мыңнан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Дербес ПРИМОРЬЕ армиясының әскерлері АК-МОНАЙ шептерінде дұшпанның қорғану шебін бұзып өтіп, сөйтіп шабуылды күшейте отырып, 13 апрельде Қырымның оңтүстік-батыс жағалауындағы немістердің маңызды тіректі қорғану пункті—Қара теңіздегі порт ФЕОДОСИЯ қаласын алды және 100ден аса басқа елді жерді, оның ішінде Қырымның аудан орталықтары СТАРЫЙ ҚЫРЫМ қаласын ИСЛАМ ТЕРЕК үлкен селосын, ВЛАДИСЛАВОВКА торалты темір жол станциясын, СЕМЕНОВКА, НОВЫЙ КАРАБАЙ, НАЙМАН, ИЗЮМОВКА, БОЛГАР Колониясы, КОКТЕБЕЛЬ үлкен селолары мен САРЫГОЛЬ, ИСЛАМ ТЕРЕК, КИЛИЧИ темір жол станцияларын алды.

Алдын ала мәліметтер бойынша, 12 апрельде күн кешкіре Дербес ПРИМОРЬЕ армиясының әскерлері дұшпанның 9.000нан аса солдатты мен офицерін қолға түсірді.

Майданның басқа учаскелерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды. 12 апрельде әскерлеріміз барлық майдандарда немістердің 33 танкін қыйратты, жойды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 36 самоләті атып түсірілді.

4-Украин майданының әскерлері ойдағыдай шабуыл жасауда болды. Дұшпан Қырымның оңтүстігіндегі порттарға баратын жолдарға қамал болған Симферополь қаласынан қайткен күнде айытмауға тымысты. Неміс командованисі Симферопольға бұдан бұрын ұрыстарға қатыспаған жаңа әскер бөлімдерін жеткізді. Алайда гитлершілдер кеңес әскерлерінің төгеуіне ықпал алмады. Тан құрамаларымыз бен жаяу әскерлеріміз Сарабуж Болгарский селосын алып, онымен бірге Симферопольді қорғап тұрған дұшпанға бірнеше бағыттан шабуыл жасады. Немістердің дала жаптармериясының арнаулы отрядтары үрлене кері шегініп бара жатқан неміс солдаттарын тоқтатпақшы болды, сөйтіп оларды табан астында атып өлтірді. Бірақ бұдан ештеңе шықпады. Неміс командованисі тәртіп орната алмай, кеңес әскерлеріне қарсылық көрсете алмады. Әскерлеріміз дұшпанның қарсылығын жеңіп, бүгін таңертең Қырымның астанасы Симферополь қаласын алды, жаудан көп олжа, оның ішінде қару-жарақ, оқ дәрі және соғыс мүлкі тиелген 10 темір жол эшелонны қолға түсірді. Екінші бір бөлімдеріміз немістер мен румындардың талқандалған әскерлерін өкшелете қуа отырып, 60 километрден аса алға басты, сөйтіп түнде Евпатория қаласы мен портын тікешауылмен алды. Бұл ауданда 20 000 гитлершіл жойылды. Немістерден 70 зеңбірек, 200 пулемет, 69 миномет, 400ден аса автомашина мен ат-арба, оқ дәрі және соғыс мүлкі қойылған бірнеше склад қолға түсірілді. Жаудан қолға түсірілген олжа мен адамдардың саны барған сайын көбеюде.

Ымыздың барлық күшін егіннен мол өнім алу жолындағы күреске жұмсайық!

(б)П обкомінің секретарі Н. А. НЕЧАЕВ жолдастың ауыл шаруашылығының алдыңғы қатарлы қызметкерлерінің облыстық кеңесінде сөйлеген сөзінен

р көсеміміз және қолбас қалың жолдастың басшылығында Қызыл Армияның аң даңқты жеңістері мен әткерлерінің аса зор игілік айта келіп, Нечаев жолдасы егісті өткізу мәселесіне

р, ауыл шаруашылығының дары, алдағы көктемгі егісін қандай маңызы бар екені білесіздер. Жауға қарсы шешуші кезеңінде егіннен ай мол өнім алу үшін тылым қажірлі еңбек істеу халық түсінісіндер. Быйылғы егіннен неғұрлым мол өнім алу үшін танктер, самолеттер тағы басқа қару-дру сияқты аса маңызды қарак, оңдәрі сыяқты, пен жабдықсыз екеніске қамтамасыз болуы былай тұр соғыс жүргізуге де болмайық. Сондықтан ауыл шаруашылығын өркендету, облысымыз істе кейін қалушылығын 1944 жылы егіннен мол өсім алу үшін ауыл-деревня мен қалалық ішкі мүмкіншілігі мен жылдырылуға тиіс.

Орталық Комитеті мен Орталық Комиссарлары Кеңесі жылғы ауыл шаруашылық жоспары туралы және КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің «Қазақ КСР қолда ауыл шаруашылық егісін арттыру шаралары туралы» мол егін үшін күресіміз программасын өте айып берді.

Орталық Комитеті мен Орталық Комиссарлары Кеңесі жылғы ауыл шаруашылық жоспары туралы және КСРО Халық Комиссарлары Кеңесінің «Қазақ КСР қолда ауыл шаруашылық егісін арттыру шаралары туралы» мол егін үшін күресіміз программасын өте айып берді. Ауыл шаруашылығын өркендету және тылым жасау ісінде болған жиіліктер біздің Солтүстік облысында да бар. Бұл ер 1943 жылы колхоз, совхоз егін өнімнің кем алынуды себеп болды. Мұны факты руге болады. Өткен жылы олар, бригадалар мен звенолардың жалпыға бірдей жағдайында істеді. Деген техника ережесін мүлтіксіз жерді егіс алдынан жұмыс іс сапалы ету және оны ұйымдастыру нәтижесінде облыс молшылығы өнім 3—4 есе, бұлар 9—10 центнер. Ленин ауданындағы а Илича» колхозы 300 дай егісін алаңынан әр 17 центнер, 500 гектар 12 центнер. Чкалов ауданындағы а атындағы колхоздың 70 гектар тұқымдық учас- гектарынан 14 центнер, колхозы 585 гектар егіс әр гектарынан 10 центнер. Бұл сыяқты мысалдар келтіруге болар еді, алай мәнісі әуе райында, оның дығынан емес, адамдардың тардың, агротехникаға, егін- баптау ісіне ұқыпты қарауы ғана дәлелдеу үшін осының етілікті.

н нәтижесінде бұл озат мемлекетпен толық есеп, өздерін егіс тұқымымен біз етіп, колхозшылардың ніне 1—1,5 килограмм ас- ті. Егіннен мол өнім алу есепте агротехниканың қам- маңызы бар екенін көріп

отырсыздар. Сондықтан да оны бұл жытпай орындау ауыл шаруашылығында бұлжымас заң болуға тиісті. Белгіленген агротехника шараларын бұзуға кімде-кімнің болса да қақы- сы жоқ.

Агротехниканы берік қолдану же- ке басшылардың, колхоздардың, бригадалардың, МТСтар мен совхоз- дардың ғана ісі емес, мемлекет заңы болып саналады, ал заң, бәріміз- ге ортақ іс. Жасыратыны жоқ, агро- номдар және сіздердің өздеріңіз агротехника талабын орындамай, кейде тіпті оны бұзушылардың же- тегінде кетіп жүрсіздер, ал кейде жұны сезбей колхоз алдында, Ота- нымыз алдында қылмыс істейсіздер.

Звенолар агротехниканы жүзеге асырушы болып табылады. Облысы- мыздың 9 ауданында өз ынтықсымен 330 звено ұйымдасты. Бірақ шын мәнінде мол өнім алу үшін олардың бәрі егіске толық даярланды деуге болмайды. Бұлардың 112 ғана белгі- ленген агротехника шараларын тү- гел орындап жүр. Бұл неіктен? Бұл адамдардың өз міндетін түсінбеген- дігінен немесе алған міндеттемесіне тыңғылықты қарамағандығынан бол- ған іс. Екінші жағынан біздің пар- тия, кеңес және жер орындары зве- нолардың жұмысымен шындап шұ- ғылданбай жүр. Сіздер, озат адам- дар, берген міндеттемеге тыңғылық- ты қарау жөнінде қойылатын талап- ты қолдайды деп сенемін. Партия ұйымдарының, олардың басшылары- ның міндеті—звенолардың жұмы- сын үнемі бақылап, оларға қолма- қол көмек көрсету болып саналады.

Жолдастар! Колхоздардың, МТС- тар мен совхоздардың жұмыс жағ- дайына соғыс елеулі түрде өзгеріс енгізді: ауыл-деревняда жұмысшы- күші кеміді, машиналар мен күш кө- лігіне жүктелетін жұмыс көбейді. Ремонт жұмысын ұйымдастыруда және егісті өткізуде қиыншылық- тар аз емес. Бірақ агротехниканың өнін айналдыруға, жерді нашар өң- деуге егінді сапасыз баптауға, өгін ұқыпсыз қарауға бұл жебеу бола алмайды. Соғыс жағдайы колхоз, совхоздарда партия-ұйымдастыру және партия-саяси жұмысын бәсең- детуге, ауыл шаруашылығына бас- шылық жасауда қойылатын талап- ты кемітуге төзбейді. Шынында осы жағдайдың өзінде жүздеген колхоз- дар, ондаған совхоздар алға қойыл- ған міндетті ойдағыдай орындап егіннен мол өнім алып отырған жоқ па. Істің тетігі адамдардың өзінен, басшылардан, олардың қиыншы- лықтарды жеңе білудегі қабілетінен деу керек.

Көптеген колхоздар, совхоздар мен МТСтар партия мен үкметтің егіске мұқият әзірлену мәселесі жө- ніндегі нақтылы қаулы-қарарларына қарамастан жұмысқа әзірліксіз кіріс- келі отыр. 200ден аса трактор әлі жөнделген жоқ, тұқымның 30 про- центтейі жетпейді, аңыз жеріне егіс ету мәселесі әлі шешілген жоқ. Ау- дан басшылары, әсіресе Ленин, Көк- шетау тағы басқа аудандардың, кол- хоздар мен совхоздардың басшыла- ры егісті қандай жерге егетінін, қай жерге қандай егіс егетіндігін біл- мейді.

Тракторларды жөндеу ісінде көп- теген МТСтар өте артта қалды. Су- воров МТСында 36 трактор, Булаев МТСында—24, Майбалық МТСында 22 трактор әлі жөнделмеген. Трак-

торларды, әсіресе тіркеу саймандар- ын жөндеу жұмысының сапасы ай- тарлықтай емес. Қамсақты МТСында 49 соқаның 26, 42 тұқым сепкіш- тің 9 ғана жөнделген. Суворов МТСында 90 соқаның 30 ғана он- далған. Мұнда тұқым сепкіштердің 22 проценті ғана жөнделген болып шықты. Ал Калинин атындағы МТС- та 67 соқаның 24, 39 тұқым сепкіш- тің 8 ғана жөнделген.

Көптеген колхоздың, бригада мен звеноның егісті өткізу жөніндегі жұмыс жоспары оқасалмаған, ұйым- дастыру мәселелері белгіленбеген. Көктемгі егіс жұмысына керекті жа- нармай толық тасылмаған, ал бір- сыпра жерде ол тіпті жеткіліксіз. Әсіресе түкпірдегі МТСтар артта қалды. Осының нәтижесінде бірсы- пра аудандар, колхоздар мен совхоз- дар жаппай егіс жұмысына толық әзірліксіз кіріскелі отыр. Егіс жұмы- сының алғашқы күндері істің нашар ұйымдастырылғандығын, жұ- мыстың баяу екендігін көрсетті.

Міне сондықтан да қазіргі міндет —жұмыстағы баяулықты дереу жою үшін батыл шара қолдану.

Біз 1944 жылы мемлекетпен то- лық есеп айыратындай, сонымен қа- тар тұқым және қауыпсыздандыру қорын толық құятындай, колхозшы- ларды азық-түлікпен жабдықтайтын дай мол егін өсіруіміз керек. Сөйтіп быйыл барлық колхоздар колхозшы- лардың еңбек күніне астық беретін- дей болу керек.

Бұл міндеттердің орындалуы ен алдымен, ауыл шаруашылығына біз- дің іскерлікпен, қолма-қол басшы- лық жасауымызға байланысты. Кол- хозшыларды, МТС пен совхоздар- дың жұмысшылары мен қызметкер- лерін егіннен мол өнім алу жолындағы күреске белсенділікпен қатыс- тыра білуіміз керек. Барлық партия- саяси және партия-ұйымдастыру жұ- мысы осыған бағытталатын болсын. Егіннен мол өнім алудың тетігі кол- хозшылардың өз қолында екендігін оларға ұғындыра білу керек.

Сайып келгенде, бұл жөнінде ал- ға қойылатын міндеттер мыналар:

1. Әрбір колхозда, совхозда, МТСта, бригада мен звенода жұмыс- ты КСРО Халық Комиссарлары Ке- несі мен БК(б)П Орталық Комитеті- нің ауыл шаруашылық жұмыстары- ның жоспары туралы қаулысының, және КСР Одағы Халық Комиссар- лары Кеңесінің «Қазақ КСР колхоз- дарында ауыл шаруашылық егісте- рінің өнімін арттыру шаралары тура- лы» қаулысының әр пункті мүлтік- сіз толық орындалатындай етіп ұйымдастыру керек.

2. Өткен жылдардағы тәжірибе мен санасқанда, быйыл егістің бас- талу мерзімі ұзартылатын болған- дықтан, негізгі міндеттер мыналар болу керек:

а) тың және тыңайтылған жерді жырту,

б) жердің ылғалдылығын, әсіресе жұмсақ жердің ылғалдылығын сақ- тай білу керек. Өйткені бұл жер алаңы кейінірек жырылады.

Бірақ бұл жөнінде бір маңызды істі ескермей кетуге болмайды. Егіс- ті тым ерте етуге болмайды, өйткені бұдан егіннің шығымы кемиді дейтін болсақ, егіс мерзімін кешегі- деуі алу әсіресе біздің облыс үшін бұл оңдан да қауіпті. Жұмысты ал- ғашқыдай істейтін болсақ егіннен өнімді 2—3 центнер кем аламыз,

екіншісінде егіннен еш қандай өнім ала алмай қаламыз, өйткені ол пісіп жетілмей суыққа ұрынып, апатқа ұшырайды. Сондықтан егіс мерзімі дәлме-дәл, күні бұрын ойланып бел- гіленуі керек.

3. Егіннен мол өнім алу күресінде трактор паркі шешуші орын алады. Сондықтан тракторлар мен тіркеу саймандарының бар қуатымен жұ- мыс істеуіне жетуіміз керек. Бұл үшін техникалық жағынан оларды жақсы жабдықтау ісін қамтамасыз ету, көшпелі мастерскөйлер ұйым- дастыру хажет, ұсақ ремонт жасау үшін ұста дүкендерін пайдалану ке- рек, әбзел-саймандарды алдын-ала әзірлеп, жанармайды деркезінде жет- кізу хажет, механизатор кадрларды жұмысқа орны-орнына пайдалану керек.

4. Егіс тұқымын айырбастау, оны тазартып, өңгіштігін тексеру жұмы- сын жедел ұйымдастыру керек, со- нымен қатар егіс жоспарын орын- дау үшін хажетті тұқым қорын жер- гілікті мүмкіншілік есебінен толық- тыру керек.

5. 1944 жылғы көктемгі егіс нау- қаны аса маңызды соғыс-шаруашы- лық және саяси міндет болып сана- лады. Бүкіл партиямыз бен халқымыз бұл науқанды өткізу ісімен шұ- ғылданып отыр. Міне сондықтан да, қала мен ішкі мүмкіншіліктері- нің партия ұйымдары, жұмысшыла- ры мен қызметшілері барлық ішкі ресурстарды жұмсап, қосалқы бөл- шектер, ауыл шаруашылық құрал- саймандарды, шаруашылық бұйым- дарын өндіріп, бұларды ауыл ша- руашылығына беруге тиіс, сөйтіп қала халқының көктемгі егіске бел- сене қатысуын қамтамасыз ету ке- рек.

Көктемгі егісті ойдағыдай өткізу үшін зор ұйымдастырушылық іс жүргізуге, көптеген қиыншылық- тарды жеңуге тура келеді. «Болше- виктер алмайтын қамал жоқ» дейді Сталин жолдас. Сондықтан қиын- шылықтарды ойдағыдай жеңіп шы- ғу үшін, әуе райының қандай жаңда- йында болса да жеңісімізге сай мол өнім алу үшін барлық күшті жұмыс- тыру керек.

Егіннен мол өнім алу жолындағы күреске, облыстың ауыл шаруашы- лық жұмысында артта қалуын жою ісіне, оны Қазақстан мен Сибирьде алдыңғы қатарлы облысқа айналды- ру ісіне өзін-үзесін қосу—ауыл шаруашылығының әрбір озат қыз- меткерінің, агрономның, әрбір колхоз- шы мен колхозшы әйелдің, МТС пен совхоздардың, әрбір жұмысшы- сы мен қызметкерінің абройлы ісі.

Туысқан Қызыл Армиямыздың Отан соғысы майдандарындағы та- рихи жеңістерімен өкірленген ауыл шаруашылығы қызметкер- лерінің қала халқының белсене кө- мектесуі арқасында, майданға кө- мекті еселеп күшейтіп, қасиетті же- рімізден жекеурын жауды толық қуып шығару, сөйтіп оны біржолата талқандау күнін жақындату үшін барлық күшті жұмсайтындығы кү- мәнсіз.

Жауапты редактор
Ө. ОСПАНОВ.